

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 223 қаулысы.
01.01.2021 дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

01.01.2021 дейін қолданыста болды (2-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 59-8) тармақшамен толықтырылсын:

"59-8) теміржол көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын бекіту;"

17-тармақ мынадай мазмұндағы 1-36) тармақшамен толықтырылсын:

"1-36) теміржол көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын әзірлеу;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин